

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

ИСЛАМ ДІН ІМЕН ЗАМАНАУИ МЕДИЦИНА БАЙЛАНЫСЫ**Хожан Хуандыг**erketan1191@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Дінтану және теология» мамандығының 2 курс магистранты
Ғылыми жетекші – Смагулов М.Н.

XXI ғасыр- уақыт толқынысының аса жылдамдықпен қарқын алған дәуірі. Миллардтаған адамның күнделікті өмірінде кездесіп жатқан түрлі мәселелері, ғылыми ізденістер мен зерттеулерді талап етуде. Адамзат- қоғам көкжиегінің ажырамас бөлігі іспеттес. Қоғам шеңберінде туындап жатқан әрбір мәселе адам өмірінің тыныштығы мен есендігін сақтауға жауап іздейтіні сөзсіз.


Өткен ғасырларда медицина саласы дербес ғылым ретінде қалыптасып, адам игілі үшін түрлі жетістіктерге қол жеткізді. Түрлі дауасы табылмаған дерттің емдеу жолын зерттеп, ғылыми ізденістердің нәтижесінде адам өмірін сақтап қалудың тиімді жолдарын қалыптастыра бастады. Адамзат жаратылысының бүкіл кезеңдерін, адамның табиғи болмысы мен анатомиялық құрылымын, биоэтикасын толық түсіну медицинаға жаңа белестерді бағындыруға жол ашты. Десе де, кейбір ғылыми дәлелдердің әлсіз болуы медицинаның әлі де жаңа ақпараттар мен мағлұматтарға мұқтаж екендігін аңғартты. Адам ағзасының барлық сипаттары мен құрылымдық ерекшелігі, жаратылыс тұрғысынан жеке дара сипаттарға ие болуы исламның ғылыми аясының кең екендігін көрсетеді. Исламдағы адам жаратылысының кезеңдері мен ағзалардың қызметі, даму сатылары, өзіндік сипатқа ие болуы медицина үшін таптырмас жаңалық болды. Ғасырлар бойы ғылыми ізденістер аясында қол жеткізген мүмкіндіктер ислам таразысына әлдеқашан салынып қойған-ды.

Ислам – рухани және адами құндылықтарды басты назарға ала отырып, адамның жанына, ар-намысына толықтай қорған болады. Әрбір жан иесі толықтай өмір сүруге құқығы бар екенін ескерсек, дүние есігін ашпаған ана құрсағындағы нәрестенің өмірлік тағдыры шешілетін мәселелері бар екенін де ұмытпағанымыз жөн. Бүгінгі қоғамда болашақ ананың денсаулығын сақтау мақсатында ағзалары толық дамыған немесе әлі қалыптаса қоймаған шақалақтарды жасанды түсік (аборт) жасату процесі өзекті мәселеге айналған. Қазақстандық медицина мамандарының мәліметтері бойынша Қазақстан аборттар саны бойынша көптеген мемлекеттерден озып тұр. Әлемде 30 миллион әйел жүктілігін жасанды жолмен тоқтатса, Қазақстан аумағында бұл көрсеткіш 300 мыңнан асады. Жүктіліктің алдын алатын контрацептивтік препараттың алуандығына қарамастан, көптеген әйелдер үшін аборт бала тууды реттеудің жалғыз жолы болып табылуда. Бұл тұрғыда исламның да өзіндік концепциялары мен дәйекті дәлелдері бар. [2, 156 б.],

Мұсылман ғалымдарының арасында эмбрионның мерізімі төрт айдан аз және адамның қызметі түгел дамымаған кезде түсік жасату жөнінде көзқарастар қайшылығы бар. Құранда: «Сосын тамшыны ұйыған қан жасадық, ұйыған қанды кесек ет жасап, кесек етті сүйек жасадық та, сүйектерге ет қаптадық. Сонан кейін оны басқа бір жаратылыс қылып, жан салдық. Құран аятындағы дәл осы кезеңде эмбрионға жан берілетіні айтылады. [3, 113 б.],

Абдулла ибн Масғуд (Алла оған разы болсын) жеткізген хадисте Пайғамбарымыз (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын) былай деді: «Сендердің әрбірінің ана құрсағында жаратылуларың қырық күннен тұрады. Ұрық алдымен (қырық күнде) тамшы, (қырық күнде) ұйыған қан, сонан соң (келесі қырық күнде) кесек ет болады. Осыдан кейін ана құрсағындағы

балаға періште жіберіледі де, ол балаға жан беріп, төрт нәрсені белгілейді: 1) ризығын; 2) қанша өмір сүретінін; 3) істейтін амалын; 4) бақытты не бақытсыз болатынын. [4, 39 б.],



1 сурет – эмбрионның даму кезеңдері.

Кейбір ғалымдар осы кезде эмбрион адам бола бастайды дейді. Осылайша, олар эмбрионның алғашқы төрт айындағы түсікті құптауда. Дегенмен де, ғалымдардың көпшілігі түсікті тіпті осы кезеңде де жасатуға болмайды, өйткені эмбрионға даму үшін уақыт берілсе, адам болуға толық мүмкіндігі бар деп есептеледі.

Белгілі бір жағдайларда түсік жасатуға мүмкіндік беру туралы пәтуа дауыс санының көптігімен әлемдік ислам бірлестігі ислам заң кеңесінің 12-сессиясында (1990 жылы 10-17 ақпан) Меккеде қабылданған. Пәтуа бойынша түсік жасату қатаң түрде тек маманданған, білікті дәрігерлер тарапынан нәресте дұрыс бітпеген және оның өмірі өзіне де, оның ата-анасына да қиындық туғызады деген қорытындыға келсе ғана орын алатынын бекіткен. Даму кемістігі емделмейтін және өте қауіпті болғанда, сонымен бірге ұрықтану мерізімі 120 күнге дейін болғанда ғана жасауға болады. (ұрықтанған күннен бастап есептеледі, соңғы менструалдық циклдан бастап емес). Осы пәтуа негізінде, Сауд Аравиясының ауруханаларында туа біткен кемістіктері бар нәрестелерге түсік жасалды. [2, 155-156 б.]

Қазіргі медицина бойынша алғашқы 1 айдың соңына дейін эмбрион шамамен 1 мм өседі. Бұл кезде адамның кейпіне келмейді, тек бір созылған үтір сияқты болып көрінеді. Осы кезде ағзалары белгілі болмағанымен жүрегі соға бастайды. Сондықтан дене бітімі әлі қалыптаспағанымен жүрегі соға бастауын негізге алған қазіргі кейбір ислам ғалымдары жүрегі соға бастаған уақыттан кейін себепсіз түсік жасатуға болмайды дейді. Медицина саласында жүктіліктің 12 аптасында әйелдің қалауына орай түсік орындалады. 12 мен 28 апта аралығында тек білікті дәрігерлердің нұсқауымен ғана түсік рұқсат етіледі. Бірақ медицинаның өзі де жасанды түсікті жүктіліктің бесінші аптасына, яғни 35 күнге дейін жасаған абзал екендігін алға тартады. Дәрігерлердің бұл көзқарасы кейбір ислам ғалымдарының 40 күнге дейін рұқсат деген тұжырымына сай келеді. [5.],

Ислам ғұламаларының келісілген көзқарасы бойынша түсік жасату мәселесі бірнеше жағдайда рұқсат етіледі.

• **120 (жүз жиырма) күн өткен болса түсік жасату тыйым салынады.** Аталық ұрық пен ананлық ұрық бірігіп, ана құрсағына орналасқан күннен бастап есептегенде 120 күн толса түсік

жасатуға рұқсат етілмейді. Бұл ислам заңнамасына сәйкес күнә болып табылады. Бұл мерзімде түсік жасату тек қана ана өміріне қауіп төнетіні анық болған жағдайда ғана рұқсат.

• **40 (қырық) күн.** 40 күнге дейінгі мерзімде ерлі-зайыптылардың өзара шешімдерімен түсік жасатуларына рұқсат.

• **40 күн мен 120 күн арасы.** Бұл мерзім аралығында тек мына екі жағдайда ғана түсік жасатуға рұқсат етіледі.

• Бала көтеру ана денсаулығына елеулі зардап алып келетіні білікті дәрігерлер тарапынан анықталып, сол зардап босанғаннан кейін де жалғасын табатындығы нақтыланса;

• Іштегі баланың емделуі мүмкін болмаған, дүниеге келген сәтінде кемтар болып туылатыны білікті дәрігердің тарапынан нақтыланған болса.

Ханафи мәзһабының көрнекті ғалымы Ибн Абидин ешбір себепсіз баланы түсіруге рұқсат жоқ деген. Ол өз сөзінде: «Оны (бала түсіруді) халал деп айтпаймын. Өйткені мухрим (қажылық парызын өтеп жүрген адам) құстың жұмыртқасын жарса құнын төлейді. Ал жұмыртқа құстың негізі. Егер жұмыртқаны жарғанына жаза қолданылса, онда себепсіз түсірілген баланың жағдайы одан кем емес (яғни, күнәға батады).

Әрбір түйіткілді мәселенің ұтымды шешімін қарастыратын ислам дінінің ғалымдары түсік жасату мәселесіне тоқталған кезде, медициналық тұжырымдарды да ескере отырып ортақ шешім шығаруға мүдделі екенін аңғарамыз. Адамның жаны медициналық яки ислами көзқарастарда да алдыңғы орындағы маңызды мәселе екені айқын дәлелдермен бекітілді. Осы жағынан алып қарағанда ислам діні мен заманауи медицинаның өзара үйлесімділігі бар екенін байқауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қанат Қалымбет, Трансплантация. – Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2022. – 120 б.
2. Бек Ж.А., Исламдағы биоэтика мәселелері. – Астана: Мастер По ЖШС, 2015. – 218 б.
3. Әкімханов А.Б., Анарбаев Н.С., Құран кәрім. Қазақша аударма. – Алматы: ЖСШ РПБК «Дәуір» баспасы, 2021. – 624 б.
4. Имам Науауи, Әрбағунан- Науауи. – Дамаск: Фаусани баспасы, 2010. –168 б.
5. <https://islam.kz/kk/questions/meditsina/qandai-jagdaida-sharigat-tusik-abortion-jasatuga-ruqsat-beredi-472/#gsc.tab=0>

АОЖ 297.1

ДІНИ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНИ АҒЫМДАР МЕН ҚОЗҒАЛЫСТАР

Шайзада Ақерке Асхатқызы

aqerkeee@gmail.com

Дінтану бакалавры Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Смагулов М.Н.

Ақпарат адамзат прогресінің әмбебап құралы, қазіргі қоғам дамуының басты ресурсы болып табылады. Адам үшін ақпарат танымның қуатты құралы ретінде қызмет етеді, оның көмегімен ол әлемді және өзін өзгертуге тырысады. Алайда, көбінесе бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылатын ақпараттық технологиялар адамның қажеттіліктерін, көзқарастарын, әлеуметтік бағдарын осы БАҚ-қа иелік ететіндердің – биліктің, белгілі бір саяси күштердің, коммерциялық ұйымдардың және т.б. мүдделеріне өзгерту үшін әсер етеді. Осындай ақпараттық әсермен адам психикасының деформациясы пайда болады, ол оның санасына ғана